




*Тақырыбы: Білім алушылардың оқу
жетістіктерін бағалау*



Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының «Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау» бөлімінде оқушының оқу жетістігін бағалау жүйесіне ішкі және сыртқы бағалау енген. Сыртқы бағалау 4-сыныпты аяқтағаннан кейін (аралық мемлекеттік бағалау) өткізіледі.



*Ішкі бағалауға оқу нәтижесін бағалау мен
бақылаудың мынадай түрі енеді:*

1) ағымдық бағалау;

2) аралық;

3) қорытынды.

```
graph TD; A[Оқушының оқу жетістігін бағалау түрі:] --> B[келісілген балдық жүйе]; A --> C[портфолио];
```

Оқушының
оқу
жетістігін
бағалау түрі:

келісілген
балдық жүйе

портфолио

Білім ордасы оқушыларға тек қана білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оқушылардың білімін бағалау, оқушыларды алға ұмтылуға ынталандыру орталығы болып табылады. Ал, оқушының дұрыс қалыптасуындағы шешуші рөлді бағалау атқарады. Бағалау – одан арғы оқу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.

```
graph TD; A[Қазіргі бағалау түрлі нысанда болуы керек] --> B[ЖИЫНТЫҚ]; A --> C[формативті];
```

Қазіргі бағалау
түрлі нысанда
болуы керек

ЖИЫНТЫҚ

формативті

□ Жиынтық бағалаудың немесе оқытуды бағалаудың мақсаты оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оны мұғалім тест, емтихан т.б. түрде өткізіп, өзі бағалайды.

□ Формативті бағалау әр сабақта және күнде жүргізіліп тұрады. Оқыту үшін бағалау бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Формативті бағалау үшін не қажет?

- Оқушылардың оқудың мақсатын білуі және түсінуі;
Мақсат кең және сұрақ түрінде тұжырымдалу керек. Бала қандай нәтижеге келетінін толық білу керек. Нәтижелер нақты, бақыланатын, өлшемді мақсатқа жауап беру керек;
- Оқушылармен тиімді кері байланысты қамтамасыз ету;
Кері байланыс оқушылар мен мұғалімдерге жетістіктер мен даму туралы хабарлама беру болып табылады.
- Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы;
«Оқу түбі тоқу» дегендей оқушы алған білімін қолдана білуі керек.

Формативті бағалаудың дәстүрлі бағалау жүйесінің артықшылығы:

- ✓ Оқушының жетістік деңгейін нақты сипаттайды;
- ✓ Білімге деген ынтасын арттырады;
- ✓ Баланың өзіне деген сенімділігі артып, жауапкершілікті сезінеді;
- ✓ Оқушының өзін өзі бағалауы дамып, оны тек сабақ барысында ғана емес, кез келген өмірдегі болып жатқан қайшылықтарға өзіндік бағалау жүргізе алатын тұлға қалыптасады.

Білімді тексеруге қойылатын талаптар:

- ✓ тексерудің және бақылаудың жүйелілігі, тұрақтылығы, міндеттілігі;
- ✓ оқушылардың теорияны және фактілерді білуін тексеру және бағалау арқылы, білімдерінің жалпы және ақыл-ой дамуына, жеке тұлғалық сапаларын қалыптастыруға ықпалын, оқуға әсерін білу;
- ✓ білім, іскерлік, дағдыларды түрлі тәсілдер арқылы тексеру;
- ✓ байқалған кемшіліктерді оқушының өзі түзетуі;



- ✓ мұғалімнің оқушыларды білімдерін бақылап, бағалауға, кемшіліктерді жоюдың әдістемесі мен тәсілдерін білуге үйрету;

- ✓ бағаның әділ қойылуы;

- ✓ оқушының өзін-өзі және басқаны бақылауы және бағалауы;

- ✓ әр тақырыпты оқудың нәтижесіне мұғалімнің және оқушылардың баға беруі;

- ✓ бақылау-бағалау процесінің әрбір баланың оқу үлгерімінің төмендемеуіне, көңіл-күйінің жақсы болуына көмектесуі.



Назарларыңызға рахмет!!!